

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D020200 –Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Курпебаева Газиза Кабыловнаның «Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст тұрғысында (Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Г.К.Курпебаеваның «Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст тұрғысында (Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)» тақырыбына жазылған диссертациясы өзекті тақырыпта орындалған дербес ғылыми зерттеу болып табылады. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдерінде орын алған, мемлекеттік биліктің ауысуына ықпал еткен және бұқаралық ақпарат құралдарында, кейін академиялық дереккөздерде «араб көктемі» деген атқа ие болған оқиғалар әлемнің жекелеген мемлекеттеріне де, аймақтық қатынастардың дамуына да елеулі қауіп-қатерлер тудырған мәселенің бірі болып табылады. Сондықтан терең әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыстардың пайда болуымен байланысты осындай процестердің дамуын талдаудың маңызы артып келеді.

Араб көктемі оқиғаларына дейін аймақтағы биліктің әлсіреуі немесе құлауының нәтижесінде саяси және діни экстремизмнің күрт өсуі мен халықаралық терроризмнің күшеюі диссертацияда қарастырылған проблемаға ерекше өзектілік береді. Сонымен қатар, соңғы жылдары ислам факторының Таяу Шығыс аймағындағы және жалпы әлемдік деңгейдегі саяси процестерге әсерінің күшеюі байқалады. Осыған байланысты диссертанттың «араб көктемінің» салдарын, әсіресе аймақты исламдандыру және осы қатерлердің Қазақстан аумағына таралуы жағдайын талдауға деген ұмтылысына аса назар аударуға болады.

Диссертациялық жұмыста дұрыс таңдалған теориялық және әдіснамалық негіздер «араб көктемі» құбылысын зерттеуде әртүрлі көзқарастарды қарастырып, жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді.

Диссертацияның теориялық маңыздылығы, ең алдымен, Египет, Ливия және Сириядағы революциялық оқиғалардың себептерін, барысы мен салдарын жан-жақты талдауымен анықталады. Сонымен қатар, қарастырылып отырған елдерде болған «араб көктемі» оқиғаларының талдау нәтижелері теориялық деңгейде басқа елдерде бұндай жағдайды болдырмауға және алдын алуға бағытталған шаралар қабылдауға көмектеседі.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығына келетін болсақ, зерттеу нәтижелері аймақтық саяси дағдарыс жағдайында әлеуметтік-саяси тұрақсыздықтың қазіргі жағдайын бағалау үшін, сондай-ақ мемлекеттік органдарға практикалық ұсыныстар әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері түрлі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында, мерзімді ғылыми басылымдарда жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша 11 мақала жарық

